

**Доскеева Ш.А.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)

### **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ АРҚАУЫ**

**Аңдатпа.** Көркем әдебиетте эпитеттің маңызы жоғары. Өмір құбылысын суреттеуде әдеби шығарманың тірегі ретінде эпитеттер саналады. Зерттеуші Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде эпитетті адамның, табиғат құбылыстарының немесе заттың бөлек, ерекше қасиеттерін анықтау көрсету үшін, ой-қиялға әсер ету мақсатында қолданылатын көркемдік құрал екенін айтады. Сонымен бірге, қаламгердің эпитетті жайдан жай қолдана салмайтынын, белгілі бір мақсатты көздейтінін, солай қолданылған эпитеттер суреттелінген нәрсеге деген қатынасын көрсетеді. Сонымен бірге шығармада эпитеттердің мағынасына қарай өзгеретініне де баса назар аударуымыз керек. Эпитет жайында алғаш болып пікір білдірген А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Р. Сыздық, Қ. Өміралиев, Г. Мұханбетқалиева сынды зерттеушілер көркем туындыдағы эпитеттің авторлық қолданысы арқылы шығарманың негізіне айналатынын анықтады. Солай, эпитеттер тілімізде тұрақты және еркін деп ажыратылады. Яки поэтикалық және тілдік болып та анықталады. Тілдік, яки тұрақты эпитет тілдегі қалыптастырылған тіркестер анықталса, еркін, поэтикалық эпитет автордың жеке қалыптастырған тіркестері анықталады. Сонымен бірге, эпитеттер субстантивті және адъективті болып жасалуына қарай ажыратылады. Субстантивті эпитеттер зат есім сөздерден жасалса, адъективті эпитеттер қатыстық, сапалық сын есімдерден жасалады. Әдебиеттің негізгі құралы ретінде эпитеттердің сөз қолданысын қалыптастыруда, кейіпкерлер әлемін танытуда рөлі жоғары. Осы негізден қазақ тілінде қалыптасқан эпитеттерден бөлек, Р. Отарбай шығармашылығындағы эпитеттер қызметі саралана келіп, авторлық қолданыс аясында қолданылып, жағымды және жағымсыз образ, портрет, деталь жасалуында негізгі қызмет атқарғаны анықталды.

**Түйін сөздер.** Эпитет, авторлық қолданыс, көркем шығарма, тұрақты эпитет, поэтикалық эпитет, поэтика.

**Доскеева Ш.А.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)

### **ПОЭТИЧЕСКАЯ ОСНОВА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ**

**Аннотация.** Эпитет имеет большое значение в художественной литературе. Эпитеты считаются опорой литературного произведения при описании феномена жизни. Исследователь К. Жумалиев в работе «Теория литературы» отмечает, что эпитет-это художественный инструмент, используемый для выявления отдельных, специфических свойств человека, природных явлений или предмета, для воздействия на мысль и воображение. В то же время писатель показывает, что он не просто использует эпитет, он преследует определенную цель, а используемые таким образом эпитеты отражают его отношение к тому, что изображено. Вместе с тем, мы должны подчеркнуть, что эпитеты в произведении меняются в зависимости от их значения. Исследователи А. Байтұрсынұлы, К. Жумалиев, З. Ахметов, З. Кабдолов, Р. Сыздық, К. Умиралиев, Г. Мұханбетқалиева, которые первыми высказались по поводу эпитета, определили, что эпитет в художественном произведении становится основой произведения через авторское использование. Так, эпитеты в нашем языке различают устойчивые и свободные. Яки также определяется как поэтический и языковой. В то время как языковой, или обычный эпитет определяется как сформированные фразы в языке, свободный, поэтический эпитет определяется как индивидуально сформированные фразы автора. При этом эпитеты различают по тому, как они делаются на субстантивные и адъективные. В то время как субстантивные эпитеты состоят из существительных слов, адъективные эпитеты состоят из относительных, качественных прилагательных. Высокая роль эпитетов как основного средства литературы в формировании словоупотребления, в представлении мира героев. Исходя из этого, помимо эпитетов, сложившихся в казахском языке, была дифференцирована функция эпитетов в творчестве Р. Отарбая, которые использовались в рамках авторского использования и выполняли основную функцию в создании положительного и отрицательного образа, портрета, детали.

**Ключевые слова.** Эпитет, авторское использование, художественное произведение, постоянный эпитет, поэтический эпитет, поэтика.

**Doskeeva Sh.A.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Kazakhstan, Semey  
e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)

### **THE POETIC BASIS OF A WORK OF ART**

**Abstract.** The epithet is of great importance in fiction. Epithets are considered the mainstay of a literary work when describing the phenomenon of life. Researcher K. Zhumaliyev in his work "Theory of Literature" notes that an epithet is an artistic tool used to identify individual, specific properties of a person, natural phenomena or an object, to influence thought and imagination. At the same time, the writer shows that he does not just use an epithet, he pursues a specific goal, and the epithets used in this way reflect his attitude to what is depicted. At the same time, we must emphasize that the epithets in the work vary depending on their meaning. Researchers A. Baitursynuly, K. Zhumaliyev, Z. Akhmetov, Z. Kabdolov, R. Syzdyk, K. Morialiev, G. Mukhanbetkaliyeva, who were the first to speak about the epithet, determined that the epithet in a work of fiction becomes the basis of the work through the author's use. So, epithets in our language distinguish between stable and free. Yaki is also defined as poetic and linguistic. While a linguistic, or ordinary epithet is defined as formed phrases in a language, a free, poetic epithet is defined as individually formed phrases of the author. At the same time, epithets are distinguished by the way they are divided into substantive and adjectival. While substantive epithets consist of noun words, adjectival epithets consist of relative, qualitative adjectives. The high role of epithets as the main means of literature in the formation of word usage, in the representation of the world of heroes. Based on this, in addition to the epithets that have developed in the Kazakh language, the function of epithets in the works of R. was differentiated. Otarbaya, which were used as part of the author's use and performed the main function in creating a positive and negative image, portrait, details.

**Keywords.** Epithet, author's use, artwork, permanent epithet, poetic epithet, poetics.

**Кіріспе.** Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құралы-көркем тіл. Көркемдік құралдар жазушылардың шығармаларының кескіндемесі мен көркемдігінің негізінде қолданылуы маңызды. Әрбір автордың шығармашылығында эпитет тілдің айрықша ерекшеліктері арасында ерекше мәнге ие. Қ. Жұмалиев өз зерттеуінде эпитеттің шығу тарихын ерте дәуірде пайда болып, оған халық ауыз әдебиеті туындылары дәлел екенін айтады. Сонымен қатар, зерттеуші пікірі бойынша, шығарма ішінде бұрын кездеспейтін немесе анда-санда кездесіп қалатын сөздердің жылдам көзге түсетінін, сондай-ақ қоғамда болып жатқан инновациялардың образ жасауға ықпал ететінін айтып кетеді. Әйтсе де, бұрындары мүлде қолданбаған сөз тіркестерін жасау оңай емес. Соған орай зерттеуші Абайдың шығармашылығынан мысал келтіреді. «Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды» тіркесінде эпитет анықтайтын сөзден соң қойылған. Сондай-ақ, автор эпитеттің тұрақты және тавтологиялық түрін ажыратады. Жалпы фольклорда «ақ» сөзі тавтология ретінде қолданылады. Мұның себебі

қазірдің өзінде қалыптасқан балалардың ойлауы екені анықталды. Мәдениет дамыған сайын адамның санасы да өсіп, әртүрлі өмірлік құбылыстарға ене бастайды. Өмір құбылыстарының алуан түрлілігі, бір емес, сансыз ерекшеліктерін табу қабілеті шынайы көркем әдебиеттің қалыптасуы ретінде анықталады [1, 97]. Сонда біз эпитеттердің өмір құбылыстарын бейнелеуде ерекше маңызы бар екенін көреміз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу мақалада саралау, жинақтау, баяндау, талдау әдістері кешенді түрде қолданылып, қазақ әдебиетіндегі эпитеттің негізгі қызметі теориялық тұрғыдан қарастырыла отырып, Р. Отарбай шығармашылығы арқылы дәйектелді.

**Негізгі бөлім.** А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде эпитет бір нәрсенің белгілеу, бейнелеу және көрнекі түрде білдіру үшін пайдаланылатынын, бұл құбылыстың атауы, мысалы, «Қара Мұқан», «Болыс Мұқан», эпитеті қай Мұқан екенін нақты ажырату үшін қолданылатын айқындау түрі ретінде анықтайды [2, 24]. Қ. Жұмалиев «Әдебиет

теориясында» эпитет - өмір құбылысын бейнелеп көрсететін бейнелі сөз деп таниды. Көркем сөздің арасында табиғат құбылыстырының, адамның, заттың айрықша сипатын көрсетуге, оқырманның алдында бейнелеуге, қиялына ықпал жасауға байланысты эпитеттер ерекшеленеді. Ғалым Қ. Жұмағалиев қаламгерлер эпитетті тек қолданып қана қоймай, эпитет бейнелеген құбылысқа көзқарасын байқататынын айтып өтеді. Бұндай мәселеде эпитет екі түрге жіктеледі. Тұрақты эпитет қызыл жалауша, кара торы тәрізді оған бекітілген және тұрақталған эпитеттер сияқты тіркестерді анықтайды. Мысалы, көрсеткіш алдында «сұр», «қызыл сырлы» тәрізді тіркестер жиі кездеседі. Осыдан тұрақты эпитеттің көптеген халық ауыз әдебиеті шығармаларында үнемі қолданылатынын көреміз. Сондай-ақ, зерттеушінің анықтама-сынан сын есімнің эпитет тіркесінде міндетті түрде қолданылатынын байқаймыз. Әйткенмен, қызыл, ақ, жоғары, төмен тәрізді сөз тіркестері кездесетін сөздер бір уақыттарда эпитет деп анықталған, ал қазіргі кезде эпитет ретінде танылмаған. Осындай себеппен, ғалымның пікірі бойынша, эпитет ретінде анықталады, егер ол сипатталған құбылыстың әсерін күшейту мақсатында осы құбылыстың бейнесін шынайы бейнелеу үшін қолданылса. Эпитеттің келесі түрі - күрделі эпитет. Өмірдегі құбылыстарға сипаттама беруде көбіне күрделі эпитет қолданылады. Абайдың мына өлеңінде:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.  
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда

жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағақ», - деген өлең шумағында эпитеттің ұлғайтылған түрлері қолданыс тапқан.

Егер эпитет метафораны ерекше көрсететін болған жағдайда, метафоралық эпитет деген түрі қолданылады. Мәселен, «Иісің – гүл аңқыған, Нұрың – күн шалқыған» деген жолдардағы аңқыған, шалқыған өткен шақ есімшелерді қолдану нәтижесінде ерекшеленетінін байқаймыз [3, 73]. Сонымен бірге, эпитетке тән

бейнелеу, көркемдік қасиеттер сипаттамалық сөз бен сипатталған сөздің бірлігі негізінде қалыптасады делінеді. З. Ахметовтің пікірі бойынша, эпитет сипаттама сөздер ретінде анықталады. З. Ахметов халықтық поэзияда тұрақты эпитеттің жиі қолданылуын фольклорлық поэманың әндерде тұрақтанып, поэзияның үлгісіне айналуының себебі ретінде анықтайды. Сондай-ақ, З. Ахметов эпитет арқылы кейіпкерлер сезімдері мен күйлері алмасып, өзгеретіні анық екенін атап өтті [3, 311]. Мысалы, ол зарлық күй, тәтті күй, жалынды күй, нәзік күй, жосыған күй, жұбататын күй, күйдіретін күй, сарылған күй, ұшқыр күй сияқты қолданбаларды береді. Мысалы, Ж. Аймауытов шығармашылығында көріктеу құралдары ішіндегі ең көп қолданылатыны - эпитет. Қаламгер образдар, портреттер мен бөлшектержасауда, оның ішкі сезімдерін сипаттауда эпитетті ұтымды пайдаланды. Жазушы шығармашылығын талдай келе, эпитеттің төрт түрлі мақсатта қолданылатынын айтуға болады. Кейіпкер бейнесі мен портретін жасауда, теріс бейнелерді бейнелеуде, өмір мен табиғат құбылыстарын суреттеуде, ауыл өмірін сипаттауда қолданылды [4, 82]. Эпитеттің шығармада көркемдік құрал ретінде маңыздылығы осылай көрінеді. Қаламгер Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасында кейіпкерлердің мінез-құлқын ашу, жан дүниесіндегі өзгерістерді суреттеудегі эпитеттің қызметі бейнеленген. «Сол жыртқық алашаға қырық бір құмалақты құр шашып жіберді» сөйлемінде қимыл, іс-әрекетке байланысты эпитет пайдаланылып, кейіпкердің іс-әрекетімен бірге мінез-құлқы да суреттелгенін көрсетеді [5, 47]. Осыдан кейіпкердің әлемін жасауда эпитеттің маңызды құрал екендігі байқалады.

Р. Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі» кітабында эпитет, тенеу, метафора тәрізді көріктеу құралдарының негізінде көркем шығармада айтылатын ойдың берілетіндігін мәлімдейді. Бұл дегеніміз поэтикалық образ деп қорытындылайды. Поэтикалық образ сөз өрнегі негізінде жасалады. Кейде оның экспрессивті бояуы

болуы, немесе ешқандай реңкі болмауы да мүмкін. Образ сөзбен берілуі нәтижесінде идея образы мен сөз-образы қалыптасады. Идея - образы ретінде «Өкінішті кеп өмір кеткен өтіп» деп аталатын өлеңінде көрінеді, көңіл жүгі, көңілдің кешуі, өкпе сызы сияқты тіркестер бойынша танылады. Сөз-образы Абайдың «Сенде бір кірпіш дүниеге» атты өлеңінде көрінеді. Бұндағы кірпіш сөзі тура мағынасында тас емес, жас адамның бейнесі ретінде алынған. Кетік деп үйдің бөлігі деп емес, қоғамда атқаратын рөлі деп анықталады. Осылай, зерттеуші сөздің қалай да бір бейне жасауын поэтикалық тіл арқылы байланыстырады. Солайша, бейне тудыруда эпитеттің маңыздылығы көрсетеді. Сондай-ақ, былайша анықтайды, яки эпитеттің қандай да бір құбылыс сынын, қасиетін, белгісін ерекшелейтінін, екі-үш сөздер арқылы тіркесетінін жеткізеді. Абайдың «толғауы тоқсан қызыл тіл» тіркесіндегі қызыл тіл – тұрақты эпитет деп, толғауы тоқсан – экспрессиясын күшейте түскенін айтады. Сондай-ақ, зерттеуші Абайдың жүрек сөзін түрлі эпитетпен тіркесіп қолданғанын көрсетеді. Солай, Абай шығармашылығында эпитеттің молынан кездесетінін атап өтеді. Зерттеуші эпитетті тұрақты, тавтологиялық, метафоралық, синкреттік деп жіктейді. Алғашқы екі түрі бізге Қ. Жұмалиев зерттеулерінен белгілі. Метафоралық эпитетке келесі мысалды келітреді: «Кірлемеген көңілдің ашығында» тіркесінде кірлемеген сөзін көңілмен байланыстырмауы тиіс еді, кірлемейтін нақты зат болуы керек еді. Дегенмен, өзара қабыспайтын екі сөзді тіркестіру арқылы жан-жағына үмітпен қарайтын, жамандық атаулыны көрмеген адамның бейнесін келтірген. Сонда тіркесу қасиеті мен мағыналық өрісі түрліше сөздердің тіркесіп, біреуінің мағынасы өзгеріп, яки метафораланып, енді бірі сөздің мағынасын өзгертіп, метафоралайды. Синкреттік эпитеттер автордың өзіндік қолданысынан туындайды. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл деген сөздер синкретті эпитет ретінде танылады. Сонымен қатар, ақын

шығармашылығындағы ескі үміт, жапырағы қураған тәрізді тіркестердің жасалуында тың образды күшейту негізделген. Осы негізден эпитеттердің ішіндегі синкретті түр ретінде айқындалады [6, 30]. Солай, ақын шығармашылығындағы эпитет ақындық қуатты, айтқысы келген идеялардың көрінісі ретінде танылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде тұрақты эпитет табиғатын зерттеген Г. Өксікханқызы эпитеттің ең негізгі қызметі бір құбылысты анықтап қана қоймай, оның әсері мен бейнелілігінің маңыздылығын, олай болмаған жағдайда құбылыстың сипаты мен сынын білдіретін сын есімді сөз тобы болатынын түсіндіреді. Сонымен қатар, эпитетті: еркін поэтикалық және тұрақты тілдік деп ажыратады. Екі категорияның бір-бірінен айырмашылығы болмаса да, қандай да құбылысты экспрессивті жағынан әсерлі, эмоциялық жағынан тиімді етіп бейнелеу екенін көреміз. Тұрақты эпитет екі мүшелі, үш мүшелі, көп мүшелі эпитет деп ажыратылады. Мәселен, үш мүшелі эпитет қатарына: тоғыз көзді кіреуке деген сан есім+сын есім+зат есім тіркесінде келсе, жер қайысқан қол зат есім+етістік+зат есім тіркесінде қолданылады [7, 15], - деп тұрақты эпитет табиғатына түсінік береді.

Осы тұрғыда қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Р. Отарбаев шығармашылығындағы эпитеттің негізгі рөлін анықтаймыз.

#### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау.**

Рақымжан Отарбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, тәуелсіздік әдебиетінде тарихи тұлғалардың бейнесін қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы. Тәуелсіздік жылдары прозаның шағын түрі әңгіме жанрында өнімді еңбек етіп, өркендеуіне үлес қосып, өмірлік проблемалар мен тапқыр да, ұтымды детальдар арқылы шығармалары өрнектелген. Дегенмен, Р. Отарбаевтың шығармашылығындағы салмағы мол туындысы ретінде «Махамбет пен Пушкин» танылады. Қазақ тарихында дауылпаз ақын атанған, қазақ өлеңінің алдаспаны Махамбеттің образын жасап, жорықтағы ақын бейнесінен байсалды

кейіпке ауысқан. Пушкиннің қазақ жеріне Е. Пугачев көтерілісі жайында деректер жинауға келгені айтылады. Солай, Пушкиннің Махамбеттің жақын серіктерінің бірі Жанкісіден «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алады. Шығармада Пушкиннің Махамбеттен есте қалған шайқасын сұрауы да, Махамбеттің жауап таба алмай қиналуы да терең психологизмнің бір көрінісі ретінде суреттеледі. Бұл шығарманың негізі дәлмедәл тарихи деректер негізінде жүзеге асқан деп айта алмаймыз. Оның басты айғағы Пушкин мен Махамбеттің кездескені жайында тарихи деректер кездейді. Дегенмен, көркем шығармада суреткер қиялы өмірлік деректермен бірлікте қарастырылады. 3. Қабдолов қаламгер үшін адам тағдыры туындының негізгі арқауы емес, өмірді танудың ерекше әдісі екенін айтады [8, 78], - дегендей, қаламгер қазақ жерінде орын алған оқиғаларды Махамбеттің болмысымен суреттеп шығады. «Қаламгер Р. Отарбаев өзі сомдаған тарихи тұлғалар бейнесін, олардың қилы тағдыры мен адамдық, азаматтық тұрғыдағы принципті көзқарастарын биік көркемдік деңгейде жеткізеді» [9, 367], - деп бағаланады. Махамбеттің қилы тағдыры суреттелген шығармаға назар аударсақ. Туындының басында ерке Жайық, көзақы алса тұрарлық тұсы, шоқ-шоқ тоғай, ақ балтырлы қайың, сынық сүйем шабақ, әлди сезім сынды эпитеттер кездеседі. Авторлық қолданыстағы эпитеттер мағынасы ауысып та қолданылған. Мәселен, ақ балтырлы қайың қазақ әдебиетінде бұрын-соңды қолданыста болмады. Сондай-ақ, әлди сезімнің түпкі мағынасы қандай да бір алдамшы сезім дегенді білдіреді. Бұл қолданыста кездеспейді. Автордың бұлайша поэтикалық эпитеттерді қолдануы шығарманың бойына жан бітіріп, өзі суреттегісі келетін жайтты аңғартады. Осылай, жазушы Пушкиннің жайын аңғартады. Даль мен Пушкиннің диалогында «айнымас тілек» эпитеті қолданылған. Автор бұл арқылы Пушкиннің «дала бунтары» атанған Махамбетпен қалайда кездесуге ниет

қылғанын аңғартады. Ойсыз суық жанар эпитеті ұзын сары жігіттің қаттылығын аңғартады. Автор «бақталас пиғыл» деп тіркесуі сирек сөздерді қабыстырып, осы арқылы адам санасындағы күреске түсетін ойларды аңғартса керек. Қазақ даласын кең байтақ, кең дала деп атаса, автор боз дала деп қолданады. Боз сөзінің түрлі мағынасы бар. Негізгісі ақшыл, қылаң түс деген мағынасын береді [10, 98]. Ал екінші мағынасы бетеге, жусанның бір түрі деп анықталады [11, 378]. Осы арқылы қаламгер қазақ жеріндегі алауыздықтарды, ала-құлалықты меңзеп тұр. Жазушы және «ұлпа шаң» эпитетін қолданылған. Бұрын-соңды қазақ әдебиетінде бұндай қолданыс кездеспейді. Сондай-ақ, жазушы адамды суреттеуде қалыптасқан эпитеттерді емес, авторлық эпитеттерді қолданады. Мәселен, «орта бойлы, төртпак, жез мұрт» деп суреттеледі. Бұл орыстың қол шоқпарының суреттемесі, ендігі бір жерде былай қолданыс тапқан: «Жез мұрт жанындағының сөзін іліп әкетіп, қақпақыл қылды» [12, 173], - деп жез мұрт эпитеті арқылы орыс өкіметінен келген адамның болмысын береді. Одан бөлек, «қол үздігіміз» эпитеті қолданылып, Махамбет пен жолдастарының соншалықты қырғыннан тапқан қазынамыз осы ғана ма деген ой жатыр. Махамбеттің мінезі мына эпитет арқылы анықталады: «серт үстінде отқа түсетін ер мінезді» деп болмыс-бітімі, қасиеті, мінезі суреттеледі. Сонымен қатар, шығармада Исатай мен Махамбеттің көтерілісінің не себептен басталғанын да аңғартады. Бұның себебі Жәңгір ханның қайын атасына Мыңтөбе жайлауын сыйға бергенімен қоймай, Исатайды да, Махамбетті де «елін без етіп, тілін кезетіп» деген эпитеттері арқылы елі-жерінен бездіріп жібергенін ұқтырады жазушы. Сонымен бірге, мұжықты «қалың қасты, қаба сақал кәрі мұжық» деп суреттеуде эпитеттерде тиімді қолданылған. Жазушының кейіпкерінің сырт келбетін суреттейтін эпитеттері адамды, не болмаса құбылысты дәл сол қалпында алдына алып келеді. Бұл да жазушының шеберлігі болса керек. Автор «тәтті сынғыр» эпитетін тиімді пайдаланып, алыстан келе жатқан

хабардың асыға күткендігін, аңсап жеткендігін аңғартады. «Әкиет ниет» эпитеті бұрын-соңды кездеспеген, қаламгердің авторлық эпитеті. Әкиет ниет деп ақ ниет, таза ниетті аңғартады. Бұл эпитетті қолдану арқылы қаламгер Пушкиннің ниетінің қандай екендігін аңғарту үшін қолданылған. Автор «сусыған жібек перде» эпитет ретінде Махамбет пен Пушкиннің бірден тілдесіп, әңгіме айта алмауы себебін осылай түсіндіреді: «Араларында сусыған жібек перде тұрғандай, бір-бірінің қалт еткенін көзбен оқып, көңілмен тоқысты» [12, 177], - деп Махамбет пен Пушкиннің арақатынасы беріледі. Махамбеттің болмысы мына эпитеттер арқылы көрінеді: «кең иық», «білеуленген шықшыт», «қара мұрт», «сынық сүйем сақал», «өзгеше бет», «бітім-тұрпатты» деген суреттеулерде жазушы қалыптасқан тіркестердің орнына өзіндік қолданыстарды, авторлық эпитеттерді қолданған. Солай, шығарманың көркемдігі, шынайылығы арта түскен. Ендігі кезекте, Пушкиннің болмыс-бітімінде мынадай эпитеттер қолданысқа түскен: «бұйра шаш», «сүйір мұрын», «бәкене бой», «салалы саусақтар». Осындай эпитеттер арқылы қаламгер Пушкиннің жазудың адамы аңдатады. Ендігі кезекте, Пушкин тобы Жанкісінің алты ай тоқтамай жырлайтынын естіп таң қалса, ендігі кезекте домбыраның жасалуына да таң қалысты. «Жұмсақ әуезді» домбыра қайыңнан жасалған кезде анықталады, ал «шешен үнді» эпитеті домбыраның қарағайдан жасалғанын аңғартады.

Автор «жез ілгекті су инспекторы» деген эпитетті жез сөзін қолданған. Жез сөзі үш түрлі мағынаны береді. Бірінші мағынасы сары түсті жұмсақтау металл мағынасын берсек, екінші мағынасы қандай да бір заттың жезден жасалғанын аңғартады. Үшінші мағынасында құнсыз, арзан мағынасында келеді [13, 118]. Солай, жазушының шеберлігі сөздерді орын-орнымен қолданып қана қоймай, кейде сөзді кейіпкердің мінез-құлқын ашуда тиімді қолданған. Жазушы кейіпкердің ішкі сезімін, мінезін беруде асқан шеберлік

танытады. Мәселен, «жағымсыз қабақ» эпитеті инспектор мен Дальдың диалогында тиімді қолданыс тапқан. «Үйірімен үркітіп жіберсем сұрауы жоқ бұратана қазақ кім, мен кім деген астам көңілмен отырған инспектор Дальдың жағымсыз қабақ шытынғанын көргесін астынан біреу жұдырақтап жатқандай, қипаң етіп атып тұрды да, жөніне кетті» [12, 180], - деп терең психологиялық сезіну көрінеді. «Жағымсыз қабақ» эпитеті қазақ әдебиетінде мүлде кездеспеген қолданыс. соған қарамастан, Дальдың сезімі мен инспектордың ұғынғанын аңғартады. Сондай-ақ, жазушы Пушкин мен Махамбет арасындағы рухани жақындықты мынадай эпитеттер арқылы көрсеткен: «қуатты жарқыл», «беймәлім әсер», «ішкі тілек, ұмсыныс» сынды тіркестер қолданылған. Осы эпитеттер арқылы автор Махамбеттің, Пушкиннің екеуіне де тән қасиеттері барын, қаламгердің өзі айтпақшы әкиет ниеті барын көреміз. Сонымен қатар, «селдір-секем жұрт», «иықтыс басшы», «балапан тобыр қосшысы» сынды тіркестерді қолданылып, хан мен батырлардың арасындағы тартыстың сыры, қуғын-сүргіннің мәнісі қақтығыстан да терең екенін аңғартады. «Қоянжүрек қорқақтар» эпитеті бұрыннан қалыптасқан эпитеттер аясында қолданылып, көтерілістегі батырдың қорқақтық танытқанын көрсетеді. Сонымен бірге, шығармада «торғайкөз сауыт» эпитеті қолданылған. Осы арқылы автор көтеріліс жайынан хабар беріп, көтерілістің тең дәрежеде өтпегенін аңғартады. Орыс армиясының қаруланған тобына Исатай мен Махамбет бастаған қайқы қылыш пен шоқпар ұстаған топқа қарсы кезікті. Әрине, күш тең емес. Дегенмен, қару-жарағы сайлы болса да, Исатай мен Махамбеттің жер жайын жақсы білгені пайдасын тигізіп, көп жерде жауды қапы қалдырды. Назар аударарлық эпитеттің бірі – «бөз көйлек». Бөз сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата дегенді білдірсе, екінші мағынасында кебін мағынасын береді. Толық сөйлемге назар аударатын болсақ: «Әркімнің бөз

көйлегі денесіне жақын деген, күнара ақ патшаның көзін көріп, алақан қысысып жүрген ұлық ақын мұны естісе, бәрекедді дей қоймас» [12, 181], - дегенде эпитеттің мәні ашылады. Сонда, «бөз көйлек» эпитеті арқылы автор көтеріліске шыққан батырлардың бәріне ажал жақын екенін, соған қарамастан осы іске жұмылғанын аңғартады. Қаламгердің шеберлігі де эпитетке көп мағына сыйдырғанын десек те болады.

Көтеріліс жайын «қайралған қылыш», «морт сынған найза», «азалы үн» эпитеттері қолданылып, шайқастың мән-жайын анықтап суреттейді. Аталған эпитеттер оқырманның алдына қару-жарағы тең емес екі топтың жан алысып, жан беріскенін көз алдына елестеді, сезіндіреді. Шығармада Үбі батырдың бәйбішесі Ақсұрсыр бесіктегі баласын қол бастаған поручиктің алдында апарғанын, бұның мәні ауылда еркек кіндік қалмағанын, қалғаны қатын, бала-шаға, бәрі де – мына сәби сынды дәрменсіз екенін аңғартатын ескі салт екен. Келесі кезекте, Жанкісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын орындап, Пушкинді таң қалдырады. «Өрмек жүз» эпитеті қолданылып, Жанкісі ақынның жырдың бір бөлімін аяқтағанын аңғартады. Пушкин жырды тыңдап болған соң, жырдағы оқиғаны «Ромео - Джульетта» шығармасына ұқсатып, феодалдардың кемшілікті тұстарын тізбелейді. Осы тұста қаламгер «рухани кемтарлық» эпитетін қолданған. Әдетте рухани сөзімен жаңғыру, даму сынды позитивті сөздер тіркесетін, сонымен бірге кемтарлық сөзі адамның физикалық ауруына байланысты қолданса керек. Дегенмен, автор бірімен-бірі қабыспайтын екі сөзден «рухани кемтарлық» эпитетін жасап шығарған. Осы арқылы XIX ғасырдағы қазақ байларының жайын аңғартады. Пушкин өзіне қатты ұнаған кейіпкері ретінде Қодарды санайды. Оның себебін автор Пушкиннің өз сөзіндей етіп сөйлеткен. Жамандықтың қандай екенін білетін, оны Қодардың бейнесінде анықтаған халық жақсылықтың да нарқын білетінін жеткізеді. Бұл, сірә, Пушкиннің қазақ жайындағы ойының

қалыптасуы екенін аңғарамыз. Шығармада «қоңылтақсып қалған көңіл» эпитеті кездеседі. Бұл Пушкин мен Махамбеттің соңғы кездесуіндегі Пушкиннің ақын жайындағы соңғы ойы еді. Халықтың ақыны әрі қамқоры болған Махамбетпен кездесіп, Пушкин де өзінің ақын екенін мойындаса да, халық қамқоры деп өзін тани алмайтынына көзі жетті.

Шығарманың автордың қиялымен жазылғанына, қаламгердің жүйрік қиялы арқылы екі халықтың ұлы ақындарын кездестіріп, халық жайын, көтеріліс мәнісін ұқтыруы жазушының асқан шеберлігі болса керек. Қаламгер тәуелсіздік жылдарында тарихи тұлғалардың бейнесін әдебиетте бейнелеумен айналысты. Қазақ әдебиетінде Махамбеттің, Мұстафа Шоқайдың, Дина күйшінің бейнесін жаңғыртты. Махамбеттің «Бас» драмасында бейнесі сомдалса да, «Махамбет пен Пушкин» шығармасындағыдай байсалды образда көрінбейді. Махамбеттің орыстың заңғар ақынымен, бүкіл Европаны таң қалдырған Пушкинмен емен-жарқын әңгіме айтуы, екі ақын арасындағы рухани жақындықтың орнауы ел арасындағы орнаған «рухани кемтарлықты» жоюдың бір тәсілі болса керек. Дегенмен, ақын туындысында эпитеттерді тиімді де ұтымды пайдалана білген. Авторлық эпитеттер мол ұшырасып, кейіпкердің жан-тебіренісінен мол ақпарат береді. Солай, Р.Отарбайдың «Махамбет пен Пушкин» туындысында эпитеттер:

- Кейіпкердің сырт бейнесін суреттеуде қолданылды;
- Кейіпкердің ішкі әлемін, мінезін беруде қолданылды;
- Боз, жез, бөз сөздерімен қатыстырып эпитет жасап, ұлттық танымды білдіруде қолданылды.

**Қорытынды.** Көркем туындының басты қызметі – оқырманына тіл арқылы әсер ете отырып негізгі ойын жеткізу. Абай, Махамбет, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, А. Нұрпейісов сынды қаламгерлеріміз өз замандарының шындығын оқырмандарына кең ауқымда

жеткізе білуге тырысты. Сөзбе-сөз айтқанда, бұл басқа адамдарға әсер етпеуі мүмкін. Мысалы, жорықшы жырау деген атпен белгілі Махамбет әр жауынгердің жанына әсер етіп, қалың қол жинап, көтеріліс ұйымдастыра отырып, барлығын біріктіре алды. Сонымен, көркем шығармада әсерлі жеткізу үшін көркемдік құралдар, соның ішінде эпитеттер

қолданылды. Халық мәдениетінің ерекшеліктері эпитеттер арқылы да көрінеді. А. Байтұрсынов әдебиеттің осы ерекшелігін атап өтіп, сөз өнерін өнердің өте мықты құралы екендігін айтып кетті.

Қорытындылай келе, Рахымжан Отарбайдың қолжазбасының шеберлігі, даралығы-шығармалардағы авторлық эпитеттер екенін атап өтеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 бет
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
3. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. Т.15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет.
4. Кәріпжанова Г. Ж.Аймауытұлы прозасының тілі: оқу құралы. Павлодар: Керекү, 2009. – 154 бет.
5. Қадыров Ж., Әбутәліп А., Абдихонова А. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының көркемдік ерекшелігі. «Шоқан оқулары - 22» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қазақстан, Көкшетау, 2018. Т.3. – 336 бет.
6. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 30-бет
7. Мұхаметқалиева Г.Ө. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы, 1995. – 30 бет
8. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2014. – 360 бет
9. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б.
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
11. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. Т.35. Батырлар жыры. – 392 бет
12. Отарбай Р. Аспандағы ақ көбелектер: Әңгімелер мен повестер. – Астана: Фолиант, 2009. – 344 бет
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. – 736 б.

### **References**

1. Zhymaliev Q. Shygharmalary. – Almaty: «Ana tili» baspasy, 2007. – 272 bet
2. Bajtursynov A. Әdebiет tanytkysh. – Almaty: Atamұra, 2003. – 208 bet.
3. Klassikalық zertteuler: Kөp tomduқ. – Almaty: «Әdebiет Әlemi», 2013. T.15: Q.Zhymaliev, Z.Qabdolov, Z.Ahmetov. Әdebiет teorijasy. – 412 bet.
4. Kәripzhanova G. Zh.Ajmauytұly prozasynың tili: oқu құraly. Pavlodar: Kereku, 2009. – 154 bet.
5. Qadyrov Zh., Әbutәlip A., Abdihonova A. Ә.Nұrpejisovtiң «Qan men ter» romanynың kөrkemdik ereksheligi. «Shoқan oқulary - 22» halyқaralық ғыlymi-tәzhiribelik konferencija materialdar zhinaғы. Qazaқstan, Kөkshetau, 2018. T.3. – 336 bet.
6. Syzdykova R. Abajduң sөz өrnegi. – Almaty: «El-shezhire», – 2014. – 30-bet
7. Mұhametqalievа G.Ө. Tұraqty jepitettiң tildik tabiғaty. Filologija ғыlymdarynың kandidaty ғыlymi дәrezhesin alu yshin dajyndalғan dissertacijanың avtoreferaty, – Almaty, 1995. – 30 bet
8. Qabdolov Z. Sөz өneri. Almaty: Sanat, 2014. – 360 bet
9. Qazirgi qazaқ әdebieti: damu yrdisteri, esimder men oқıғalar: Yzhymduқ monografija. – Almaty: —Print express, 2017. – 512 b.



10. Қазақтың jetnografijalyқ kategorijalar, ұғымдар мен ataularyнұң дәstүrlі zhyjesi. Jenciklopedija. 1-tom. – Almaty: DPS, 2011. – 738 b.
11. Babalar sözi: Zhyz tomдық. Astana: Foliant, 2006. Т.35. Batyrlar zhyry. – 392 bet
12. Otarbaj R. Aspandaғы ақ көbelekter: Әңgimeler мен povester. – Astana: Foliant, 2009. – 344 bet
13. Қазақтың jetnografijalyқ kategorijalar, ұғымдар мен ataularyнұң дәstүrlі zhyjesi. Jenciklopedija. 2-tom. – Almaty: RPK "Slon" DPS, 2012. – 736 b.

**Автор туралы мәлімет:**

**Доскеева Шайза Асановна**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University»

Пошталық мекен-жайы: 0714000, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Елебеков көшесі, 1

Ұялы тел.: 87756754231

e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)

**Сведения об авторе:**

**Доскеева Шайза Асановна**

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул Елебекова 1

Сот.тел.: 87756754231

e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)

**Information about the author:**

**Doskeyeva Shaiza Assanovna**

Position: Candidate of Philology Sciences, Alikhan Bokeikhan University

Post index: 0714000, Republic of Kazakhstan, Semey, Elebekov str, 1

Mob.phone: 87756754231

e-mail: [shaizaasanovna\\_68@mail.ru](mailto:shaizaasanovna_68@mail.ru)